

УДК 811.512.122

## ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БАСҚА ТІЛДЕРДЕН ЕНГЕН СӨЗДЕР

*Байменова Б.Ж.,*  
*аға оқытушы, ҚМПИ,*  
*Қостанай қ., Қазақстан*  
*Москаленко А.Т.,*  
*1 курс студенті, ҚМПИ*

### *Аннотация*

*Мақалада қазақ тіліне басқа тілдерден, яғни араб, парсы, монғол және орыс тілдерінен енген сөздердің шығу тегі қарастырылады. Сөз енуінің басты себебі – қазақ халқының тарихи даму барысында басқа халықтармен тығыз қарым-қатынастары. Сөздердің енуі әр алуан жолдармен өтті. Қазақ тіліне басқа тілдерден сөздердің ену экономикалық, сауда, саяси және мәдени қатынастарға байланысты болды. Мақалада қазақ тіліне енген сөздерден мысалдар келтіріліп, олардың қайнар көздері көрсетілген.*

### *Аннотация*

*В статье рассматривается происхождение слов казахского языка, заимствованных из других языков, в частности, арабского, персидского, монгольского и русского. Главной причиной заимствования послужили тесные взаимоотношения казахского народа с другими народами в ходе исторического развития. Заимствование слов происходило различными путями и было связано с экономическими, политическими и культурными отношениями. В статье представлены примеры заимствованных слов в казахском языке и их источники в оригинальных языках.*

### *Abstract*

*The article is devoted to origin of Kazakh language words which were borrowed from other languages, in particular Arabic, Persian, Mongolian and Russian languages. The main reason of borrowing was close relationship of the Kazakh people with other nations in the historical development. Loan words came to Kazakh language with different ways and were associated with economic, political and cultural relations. The article presents examples of loan words in Kazakh language and their sources in the original languages.*

***Түйінді сөздер:*** қазақ тілі, кірме сөздер, араб тілі, монғол тілі, орыс тілі.

***Ключевые слова:*** казахский язык, заимствованные слова, арабский язык, монгольский язык, русский язык.

***Key words:*** Kazakh language, loan words, Arabic language, Mongolian language, Russian language.

### **1. Кіріспе.**

Қай тілдің болса да, сөздік құрамы өзінің даму барысында басқа тілдерден енген сөздермен де толысып отырады. Бір тілден екінші тілге сөз ену тарихи жағдайға және экономикалық, сауда, саяси немесе мәдени қатынастарға байланысты болады. Мұндай мемлекетаралық қатынастар халықтардың бір-біріне зат алмастыруымен қатар, ол заттардың атауларын да ауыстыруға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліне араб, парсы, монғол және орыс тілдерінен көптеген сөздер кірген. Араб-парсы тілдерінен сөз ену негізінде VIII–XI ғасырлардағы исламның енуіге байланысты. Монғол тілінен сөздер Қазақстанның Монғол империясының құрамында болған кезде (XII–XIII ғасырларда) кірген. Орыс тілінен қазақ тіліне сөз ену қазақтардың Ресей империясының құрамына енуінен кейін (XVIII ғасырдан бастап) басталды.

## 2. Талқылау.

### Араб-парсы тілдерінен енген сөздер.

Қазақ тілі лексикасынан орын алып, қазақ халқы сөздігінің бір арнасы болған араб, парсы, иран тілдерінен қазақ тіліне сөз ену ертеден, сонау VIII–IX ғасырлардан басталады. VIII ғасыр шамасында арабтар Орта Азия және Қазақстан жерін басып алады.

Көрнекті тіл мамандары В.В. Радлов және Н.Т. Сауранбаевтың зерттеулері бойынша қазақ тілінде араб-парсы тілдерінен VIII–XI ғасырларда енген сөздердің сан мөлшері өзге түркі халықтарына қарағанда недәуір аз екендігін көрсеткен болатын. Белгілі тіл білімінің зерттеушісі Ш.Қ. Бектұров қазақ тіліне араб-парсы сөздері тәжік және өзбек тілдері арқылы мынадай жолдармен енгендігін айтады:

1. Шаруашылық, сауда қатынастары арқылы енген сөздер: *айна, таға, орамал, перде, базар, таразы, т.б.*

2. Мәдени және ғылыми қарым-қатынастар арқылы, әсіресе, Фирдоуси, Науаи, Омар Хайям мен Хафиз шығармаларымен бірге енді: *мектеп, мереке, емтихан, ғылым, галым, пән, медресе, мағлұмат, т.б.*

3. Исламға байланысты енген сөздер: *құдай, Алла, молда, мешіт, шариғат, ораза, намаз, аруақ, ақырет, мұнара, т.б.*

Қазіргі қазақ тіліндегі араб сөздерін мынадай сегіз топтарға бөлуге болады:

1. Оқу білім, ғылым мен мәдениетке байланысты сөздер: *ғылым, өнер, мәдениет, кәмет, тарих, тәжірибе, дәреже, дәріс, мұғалім, дәлел, кағида, мәселе, жауап, қате, шәкірт, т.б.*

2. Жазуға байланысты сөздер: *хат, әліппе, қалам, кітап, дәптер, мақала, мәтін, мазмұн, т.б.*

3. Абстракт жалпылама атаулары: *абырой, ақыл, мейір, парыз, нәпсі, қадір, құрмет, махаббат, пейіл, несін, тағдыр, т.б.*

4. Әлеуметтік және саясаттық жағдайға байланысты сөздер: *мемлекет, әмір, мәжіліс, әлеумет, үкімет, құқық, мекеме, әділет, құжат, әдет, т.б.*

5. Дінге байланысты сөздер: *дін, мешіт, мұнара, шариғат, жамағат, хақ, ақиқат, зекет, муфти, әулие, т.б.*

6. Кісі атаулары: *Айша, Әнуар, Бақыт, Ғабит, Дәулет, Қадыр, Райхан, Сәбит, т.б.*

7. Уақыт атаулары: *уақыт, дәуір, дәурен, заман, ғасыр, маусым, жұма, сағат, т.б.*

8. Түрлі құбылыс атаулары: *дүние, сағат, табиғат, сахара, мекен, тағам, мүмкін.*

Парсы-қазақ тілдерінде қолданылатын ортақ сөздер қатары тілдік қатысымда жиі кездеседі. Кейбір сөздердің тілдік қолданыстағы мағыналары бірдей болса, ал кейбір сөздерде екі тілде беретін ұғымында мағыналық парық бар. Мысалы: мына сөздердің қазақ және парсы тілдеріндегі айтылуында аз-кем дыбыстық айырмашылық (парық) бар, ал мағыналары бірдей, яки жақын болып келеді.

Кесте 1.

Парсы-қазақ тілдерінде қолданылатын ортақ сөздер

Қазақша	Парсыша	Мағынасы
Арзан	Әрзан	Төмен бағалы
Арман	Арман	Тілек
Азат	Азад	Еркін, ерікті
Ұстаз	Остаз	Мұғалім, жетекші
Әфсана	Әфсанә	Аңыз
Алаша	Алачә	Төсеніш, түксіз кілем
Байрақ	Бәйрәк	Ту, жалау
Дарак	Дәрәхт	Ағаш
Күмән	Гоман	Күдік, шүбә
Дана	Дана	Ақылды

Пайда	Файдә	Олжа
Дос	Дуст	Жолдас
Мейман	Мехман	Қонақ
Мейірбан	Мехрбан	Мейірімді, рақымды
Қаһарман	Қаһраман	Батыр
Дұшпан	Дошмән	Жау
Дастархан	Дәстархан	Тамақ үшін жайылатын орамал
Дәстүр	Дәстүр	Рәсім, салт-дәстүр
Дәлел	Дәлил	Айғақ
Әкім	Хаким	Бастық
Мектеп	Мактаб	Білім беретін мекеме
Ғылым	Ілім	Білім

### Монғол тілінен қазақ тіліне енген сөздер.

Қазақ халқы өткен ғасырларда монғол халқымен де белгілі қарым-қатынаста болған. Соның нәтижесінде бұл халықтардан да қазақ тіліне бірсыпыра сөз еніп, сөздік құрамды біршама байыта түскен.

1219–1221 жылдары Шыңғыс хан Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алған. Ұзақ уақыттың ішінде Қазақстан Монғол империясының құрамында болған. Монғол тілінен сөз ену кезеңі XII-XIII ғасыр деп саналады. Монғол тілінен қазақ тіліне енген сөздер негізгі үш топқа бөлуге болады:

1) ел билеуге мен мемлекетке байланысты сөздер: *хан, ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық, т.б.*

2) жер-су атаулары (негізінде Шығыс және Оңтүстік Қазақстанның топонимдері): *Алтай, Тарбағатай, Нарынқол, Нұра, Баянауыл, Зайсан, Қордай, т.б.*

3) басқа сөздер мен атаулар: *жыл, жол, жиен, нұр, жаға, т.б.*

### Кесте 2.

#### Монғол тілінен қазақ тіліне енген сөздер

Жыл	Жил	Нұр	Нуур
Қайшы	Хайч	Отар	Отор
Көк	Хөх	Жасақ	Засаг
Аға	Авга	Жарлық	Зарлиг
Аймақ	Аймаг	Алтын	Алтан
Өлке	Өлгий	Жиен	Зээ
Ұлыс	Улс	Абдыра	Авдар
Нөкер	Нөхөр	Ақ	Аг
Жаға	Зах	Ағаш	Агч
Темір	Төмөр	Батыр	Баатар
Ту	Туг	Жүрек	Зүрх
Тәңір	Тэнэр	Ноян	Ноён
Қос	Хос	Құрылтай	Хурилтай
Хан	Хаан	Енші	Инжү
Бұрғы	Бурьчи	Бұра	Бугра

Жер-су атауларының шығу тарихын зерттейтін ғалымдардың пікірінше, Тарбағатай монғолдың «тарбаған» (суыр) деген сөзінен шыққан, «тай» – тау деген сөз. Сонда Тарбағатай тауының мағынасы «суырлы тау» деп түсіндіріледі. Алтай «заңғар тау, алып тау» деген сөзден шыққан дейді.

Зайсан көлінің аталуы ол аштыққа ұшыраған көптеген адамдардың өмірін тайдай тулаған балығымен сақтап қалуымен байланыстырады. Сонда Зайсан көлінің аталуының қазақша аудармасы «игі, игілік, мейірман» деген мағынаны білдіреді.

Нарынқол монғолдың «нарийн» (енсіз) деген сөзінен шыққан. Баянауыл монғолдың «баян» (бай, аса қымбат) деген сөзінен шыққан.

### Орыс тілінен енген сөздер.

Орыс тілінен қазақ тіліне сөз ену сонау XVIII ғасырдан басталады. Орыс халқы мен қазақ халқының саяси-экономикалық және мәдени-ағарту істері негізіндегі тығыз байланысы қазақтардың орыс патшалығының, Ресей империясының құрамына енуінен кейін (яғни 1731 жылдан кейін) күшейгені белгілі. Сол кезде қазақ елінде ел билеудің хандық формасы біртіндеп ыдырай бастап, патшалық тәртіп бойынша жаңадан әкімшілік ел билеу орындарының құрылуы мен байланысты қазақ тіліне мынандай сөздер енді: *болыс* (волость, волостной), *ыстаршын* (старшина), *шенеунік* (чиновник), *сот* (судья, суд), *поштабай* (почтовый).

Сауда-саттыққа, өмірлік бұйымтайлардың атына байланысты: *жәрмеңке* (ярмарка), *көпес* (купец), *сәтен* (сатин), *сиса* (ситец), *шайнек* (чайник), *шай* (чай), *самауыр* (самовар), *жәшік* (ящик), *бәтеңке* (ботинки).

Орыс сөздерінің қазақ тіліне еніп, жиі жұмсалыуының өмірлік қажеттілігі оларды солай айтып, солай қолдануға мәжбүр ететін жай тілде ол ұғымды бере алатын баламасының жоқтығы. Мысалы, *от арба* (поиыз), *ыстанса* (станция), *қара айғыр* (паровоз).

Орыс тілінен қазақ тіліне сөз қабылдаудың тарихи кезеңдері, шығыстанушы Б.А. Сүлейменова айтқандай, үш кезеңге бөлінеді:

1. XVII–XIX ғасырлар арасы.
2. XIX ғасыр мен XX ғасырдың 30-жылдарына дейін.
3. 1930 жылдардан қазірге дейін.

Ғ.Ғ. Мұсабаев, филология ғылымдарының докторы, профессор, орыс тілінен енген сөздерді негізінен бес кезеңге бөледі:

1 кезең – XVII ғасырдың басына дейінгі кезең. Бұл кезеңге дейін орыс халқы мен қазақ халқының арасында соншалықты күшті байланысы болғанмен, екі халық арасында аз болса да қарым-қатынас болып тұрғандығы байқалады. Мысалы, сол кездегі мынадай сөздерді атауға болады: *жүлік* (жулік), *саман* (үлкен кірпіш), т.б.

2 кезең – XVII ғасырдың басынан бастап XVIII ғасырдың іші болған. Бұл кезеңде орыс халқы мен қазақ халқының қоныс араласуы, соның нәтижесінде қалалар мен бекеттер салына бастайды. Осы кезде мынадай сөздер қазақ тілінде кездесе береді: *императрица*, *полковник*, *указ*, *генерал*, *губернатор*, *господин*, *граф*, т.б.

3 кезең – XIX ғасырдың II жартысы болады. Бұл кезде мынадай сөздер пайда болады: *ашмашке* (восьмушка), *доға* (дуга), *қамыт* (хомут), т.б.

4 кезең – XX ғасырдың бас кезі болады. Осы кезде мынадай сөздер пайда болды: *доктор*, *фельдшер*, *агроном*, *электр*, т.б.

5 кезең – 1920-сыншы жылдардан кейінгі дәуір. Бұл кезде мына сияқты сөздер орыс тілінен енді: *директор*, *телевизор*, *сервант*, *гарнитур*, т.б.

Бұлай болу барынша шартты. Алдымен орыс тілі кірме сөздерінің қазақ тілі тарихына енуі XVII ғасырдан басталады дегенді шартты түрде ғана айтуға болады. Бұған қарап оның алдымен қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздер болған жоқ деп түсіндеу керек. Бұл құбылысты тек халық тарихының белді белестерімен де ұштастыру жеткіліксіз болар. Мысалы, Абайдың өлеңіндегі «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы», «Единица – жақсысы, ерген елі бейне көл» дегендегі *интернат*, *единица* орыс сөздері екі халық арасындағы тілдік байланыстың күшейгендігін көрсетеді.

Сол қарым-қатынас күшейген сайын бір тілден екінші тілге сөз ауысу дәрежесі ұлғая түседі. Осы жағынан қазақ тілі сөз байлығының кірме сөздерге белшесінен батқан, орыс тілінен енген сөздермен кемелденген кезі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі 1930 жылдарға дейін, одан кейін тілдік қарым-қатынастың барынша күшейіп өркен жайған кезі – осы қазіргі заман.

Кірме сөздерді қабылдауда, олардың жұмсалыуында екі түрлі бағыт байқалады. Біріншісі – өмір қажеттілігінен өзінен-өзі тіл қорына жұмсалатын кірме сөздер. Екіншісі –

саналы таңдау, актив сөз қорына қосылатын кірме сөздер. Алдыңғысына *дога* (дуга), *қамыт* (хомут), *бәтеңке* (ботинки) сияқты фонетикалық тұрқы өзгерген сөздер жатады, соңғысына қалаулы терминдер не олардың эквивалент баламалары жатады.

Термин сөздер терең мағыналы сөздер, оларды жасауға әркімнің күш-қуаты жете бермейді. Олар өнер, білім, ғылым, мәдениет, экономика майданында пайда болады да, тек баспасөз арқылы жұртқа аян болады. Олардың көпшілігі мамандар арасында, тар мамандық тақырыбына жазылған әдебиетте қолданылады. Мысалы, *натюрморт* – сурет өнеріне, *кегель* – баспа жұмысына, *гипостаза* – ботаника ғылымына тән.

Орыс тілі – мол қазына. Ол қазынадан қажет сөздерді қабылдап, әдеби тілдің бойына сіңіру – қазақ халқының тіл мәдениетін жоғары сатыға көтерудің бір жолы. Қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздердің молдығы – ол екі халықтың мәдени қарым-қатынасының айғағы. Мысалы, 1950-ші жылдары еліміздің тың жерлерін игеруге байланысты орыс тілінде *целинник* сөзі пайда болса, қазақ тілінде *тың игеруші* деген тіркес пен *тыңгер* сөзі дүниеге келді.

Соңғы елу-алпыс жылдың ішінде адамзаттың космос әлемін танып біліп, игере бастауы көптеген сөздерді туғызды. Мысалы, мұнда тек *космос*, *космонавт*, *астронавт*, *спутник* сияқты сөздер ғана емес космосты игеруге қолданылатын әр алуан *техника*, *машина*, *құрал-жабдық* т.б. атаулары да, осы саланың ғылыми жаңа терминдері де, тіпті *ғарыш*, *ғарышкер*, *ғарышнама* тәрізді поэтикалық («бағалауыш») сөздер де қазақ тілінен орын алады.

Қазақ тіліне енген орыс сөздерінің жалпы санын айту қиын. Нормативті сөздіктерде, көпшілікке арналған публицистикалық әдебиеттерде жиі қолданылатын ондай сөздердің саны екі мыңнан асады. Ал оған химия, биология, экономика, лингвистика сияқты ғылымдарға қатысты атаулардың қосуға болады.

Осыншама байлықтың қазақ тілі қорына келіп қосылуы бекер нәрсе емес. Көптеген жылдар бойы орыс тілін өз анна тіліміздей көріп, үйрену, білу негізінде өнер – білімде, ғылымды, техниканы орыс, қазақ тілінде жазылған әдебиеттер арқылы меңгердік.

Қарапайым сөздер заттың өзімен бір тілден екінші тілге енетін болса, арнаулы терминдер ғылымның, мәдениеттің, техниканың дамуымен қатар дамиды. Мысалы, *атом*, *трактор*, *инсулин*, *кофеин*, *философия*. Ол ұғымдардың бір тілден екінші тілге енуі үшін екінші тілдің де соларды қабылдау қажеттігінен туған мүмкіншіліктері болуға тиіс. Ондай қажеттілік тез арада жасала қоймайды. Біртіндеп халықтың тіл санасының өсіп-жетілу процесінде туады. Соған орай орыс тілінен термин сөздерді қабылдау процесі бірер жылдар ішінде емес, ондаған жылдар бойына үздіксіз жүріп отырады.

### 3. Қорытынды.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің сөздік құрамында араб, парсы, монғол және орыс сөздері жиі кездеседі. Өйткені тарихи даму барысында қазақ халқы осы халықтармен тығыз байланыста болды. Сөз ену экономикалық, саяси, сауда және мәдени қатынастар арқылы өтті.

Шетел тілдерден сөздер қазақ тіліне еніп, өзгеріп, лексика құрамына кірген. Қазіргі кезде енген сөздер – сөздік құрамының ажыратылмайтын бөлігі болып табылады, яғни күнделікті жағдайда көп қолданылатын сөздер.

#### Әдебиет тізімі

Байменова Б.Ж. Әдеби тілге орыс тілінен енген сөздер // Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жаршысы. – 2009. – №4 (16).

Базылхан Б. Монғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. – Баян-Өлгий, 1973.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикасы. – Алматы: Рауан, 2000.

Буркитбай Г.Ж. Лексикографическое оформление арабизмов в толковых словарях казахского языка» – 2003.

Қожа-Ахмет Х. Монғол сөздерінің анықтамасы. – serke.org, 2013.

Канбари М. Қазақ-парсы тілдеріндегі ортақ сөздер – мәдени қарым-қатынастың жемісі» – www.zhanashyr.com, 2013.